

Жастар тәжірибесі жастарға келесі мүмкіншіліктерді береді:

Бітіруші түлектерге:

- кәсіби тәжірибе алуға
- өзін көрсете білу мен болашақта жұмысқа орналасуға;
- мемлекеттен қаржылық қолдау алуға (мансаптың алғашқы 180 күнінде).

Жұмыс берушілер үшін:

- ынталы, өз ойымен, өз дәлелімен келген жас маманды қабылдау;
- компанияда тәжірибе өтіп жүрген уақытында болашақ маманды тегін тексере алатын;
- маманды қайта оқытудан гөрі үйрету;
- өз компаниясына әлеуметтік жауапкершілікті көрсету.

Жастар тәжірибесіне қатысу шарттары

Жастар тәжірибесі-бұл жоғары оқу орындары, колледж бен лицейді бітірген түлектер үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп отырған мүмкіншілік.

Бітіруші түлек Жастар тәжірибесінен меншік түріне қарамастан кез келген ұйымнан өте алады. Жастар тәжірибесіне қатысқан жоғары оқу түлектеріне мемлекет тарапынан 100 % көлемде 15 мың теңге төлемде ақы төленеді. Ал жұмыс беруші өзінің қалауынша қосымша төлем беруіне құқылы.

Жастар тәжірибесінің мерзімі - 6 айға дейін.

Жастар тәжірибесі дегеніміз не?

ЖОО, колледждер мен лицейді бітіруші түлектерге мамандық алғаннан кейін алғашқы тәжірибе алуға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіп отырған қосымша шара.

Жастар тәжірибесіне қатысушыларға жұмыс уақытын жұмыс берушінің өзі анықтайды (жұмыс беруші, жұмыс уақыты белгіленген, қол қойылған табельмен бекітеді).

Жастар тәжірибесіне қатысушы жас түлектерге мемлекет тарапынан ай сайын 100% көлемде 15 мың теңге айлық төленеді (салық төлемдерін есептемегенде).

Жас түлектер Жастар тәжірибесіне меншік түріне қарамастан кез келген ұйымнан өте алады. Жұмыс беруші өзінің қалауынша қосымша төлем ақы бере алады.

Жастар тәжірибесінің мерзімі - 6 айға дейін.

Жастар тәжірибесіне кімдер қатыса алады?

Жоғары оқу орындарын, колледждер мен лицейді бітірген және өз мамандықтары бойынша жұмыс тәжірибелері жоқ жастар қатыса алады.

Жастар тәжірибесіне оқу бітіргеннен кейін зейнеткерлік төлемдері жоқ жастар жіберіледі. Онда Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама басқармасы мен оның аудандық бөлімдері Мемлекеттік Зейнетақы Төлеу Орталығынан (ГЦВП) зейнеткерлік төлемдері туралы анықтама сұрайды.

Жастар тәжірибесіне қалай қатысуға болады?

1-ші қадам. Құжаттар дайындау.

2-ші қадам. Жастар тәжірибесі өтетін орын іздеу (жұмыс берушіні)

Жас түлек өз бетімен немесе Мансап орталығы көмегімен, оқу орындары арқылы іздеу керек.

Егерде бітіруші түлек тәжірибе өтетін орынды өз бетімен таба алмаса Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама басқармасының аудандық бөлімдеріне хабарласуға болады.

3-ші қадам. Жастар тәжірибесіне қатысуға жолдама алу.

Егерде бітіруші түлек Орал қаласының тұрақты тұрғыны ретінде тіркеуі болса, онда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама басқармасына тұрғылықты тұрғын ретінде баруға болады.

Жоғарыда аталған құжаттарға қосымша үй тіркеу кітабы болуы шарт.

2. Ал егерде бітіруші түлек Алматы қаласының тұрақты тұрғыны болмаса (қала сыртынан келген студент) онда оған келесі құжаттарды жинау қажет:

а) Алматы қаласы Еңбек биржасына хабарласып жастар тәжірибесіне қатысуға жолдама алу.

б) аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөліміне жұмыс берушінің заңды мекенжайын көрсету.

4-ші қадам. Жұмыс берушіде құжаттарды рәсімдеу.

1. Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама басқармасымен бекітілген үш жақты типтік келісім - шартқа қол қою.

2. Жұмыс берушіде Жастар тәжірибесіне жіберген жолдамасының бір бөлігін толтырып және бұйрық көшірмесін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама басқармасы аудандық бөліміне беру (жіберу, өткізу) қажет.

3. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама басқармасы аудандық бөліміне ай сайын жұмыс уақыты есептелген табельді көрсетіп отыру шарт (айлық жалақы есептеуге)